

**«6D021000- Шетел филологиясы» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
«Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени  
ерекшеліктері» тақырыбына жазылған Анипина Алия Каркеновнаның  
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Анипина Алия Каркеновна әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «6D021000- Шетел филологиясы» мамандығы бойынша докторантураға 2018 жылы мемлекеттік грант негізінде оқуға түсіп, 2021 жылы толық курсы аяқтады. Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы университеттің Ғылыми кеңесінің 30 мамыр 2018 ж. №4-4389 шешімімен бекітілген.

Бүгінгі күнде адамды жан-жақты аспектіден (антропоцентрлік зерттеулер негізінде) – жұмыс жасап жатқан қызметі, физикалық және рухани жағдайы, тіл мен мәдениет жағынан айрықша мазмұнға ие ұлттық менталитеттің формаларын зерттеу өте өзекті болып отыр. Ғалымдар пайымдауынша, тіл адамның айналасындағы әлемді бейнелеу қабілетіне ие – адам өмірінің нақты тұрмысын, көптеген күнделікті жайлармен, сонымен қатар халықтың қоғамдық танымы мен олардың әдет-ғұрыптарын, мәдениетін, салт-дәстүрін, менталитеті мен ұлттық кескіні, баянды қағидаттар жүйесін және т.б. тығыз екендігін атап өтеді. Тіл мәдени қағидаттарды әртүрлі тіл деңгейлеріндегі тұтас бірліктерде, лексикада, грамматикада, тұрақты сөз тіркестері – мақал-мәтелдерде, әдеби және фольклорлық мәтіндерде баяндайды және сақтайды.

Мақал-мәтелдер нақты мағыналарды топтастыратын бірліктер ретінде бастапқыда айқын мәдени ұғымдарды жіктеуде көмекші материал ретінде қолданылды. Кез келген халықтың әлемдегі мәдени көрінісі айрықша және өмір сүру тұрмысы, әлеуметтік құрылымы, тарихы, дәстүрлері, өмір салты сияқты құбылыстармен айқындалады. Әлемнің мәдени көрінісі өзінің барлық ұғымдарын лингвистикалық бірліктермен дәлелдейді, соның арқасында әлемнің лингвистикалық бейнесі туралы сөз қозғауға болады және ойлау жағдайында пайда болған және мәдениеттануға сүйенген тұжырымдамаларды салғастыруға және өзара салыстыруға болады.

Нақты айтсақ, біздің зерттеуіміздің өзектілігі мәдени және тілдік ерекшеліктерді көрсетудегі тілдік бірліктердің көлемін зерттеудің маңыздылығымен анықталады (нақтырақ, мақал-мәтелдер), бұл оның қытай және қазақ паремиясында бейнеленген лингвомәдениеттану сипатынан болатындығын, мәдениет пен менталитетті бағалау үшін ауқым нүктесі ретінде функция атқаратын қытайлық ұжымдық сананың параметрлерінің қандай екенін айқындайды.

Қытай және қазақ тілінің материалдарын пайдалана отырып осы проблеманы зерттеудің маңыздылығын көрсететін дәлел – қытай тілін шетелдік студенттерге үйрету уақытысында мұндай амалдың пайдалылығы, себебі лингвистикалық және мәдени жаңалық шетел студенттерінің өзара

қарым қатынас жасайтын қабілетінің маңызды бөлігі болып тұр, ол әсіресе семантикасы мен сипаты тарапынан тілдік бірліктерді қолданумен айқындалады. Шет тілдерінің мәдениаралық байланысын осы тілдік-мәдени білім айтарлықтай жеңілдетеді.

Докторанттың ғылыми жұмысындағы алға қойған мақсаты мен міндеттері, ашқан жаңалықтары мен қол жеткізген нәтижелері тақырып өзектілігін дәлелдей түседі.

Жалпы Анипина Алианың ғылыми жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Жұмыста қолданылған ғылыми әдебиеттер мен дереккөздердің алуантүрлілігі мен орынды пайдалану байқалады. Кіріспе бөлімінде жұмыстың мақсаты мен міндеттері және тұжырымдары негізгі бөліммен байланысқан. Яғни, алға қойылған мақсатқа жете білдік. Сонымен қатар, ізденушінің өзіндік пікірі мен көзқарастары айқын орын алады. Диссертацияны жазу барысында жарияланған мақалалары жұмыстың ішкі тараушаларында кеңінен қарастырылған. Докторант өз бетімен зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізгені байқалады. Зерттеу тақырыбы ауқымды болғанымен, Анипина Алиа бұл мәселені толығымен орындап шықты.

Анипина Алиа өз мақсатына жету үшін бірқатар жұмыстар атқарды. Соның ішінде мақал-мәтелдердің классификациясына талдау жасауы, ҚХР, Пекин қаласы мен провинциялардағы қытайлықтардың сөйлеу дағдысын қадағалау ізденушінің тақырыпты жан жақты ашу мақсатына байланысты зерттеулері тіл біліміндегі жаңа бағыттардың тууына ықпал етті, яғни жұмыстың келешегі бар деген сөз. Ізденуші зерттеу жұмысында отандық ғалымдармен қатар шетелдік зерттеушілердің еңбектерін де пайдалана отырып өзінің зерттеу жұмысын дәйектей алды. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасында логикалық байланыс сақталған.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететін ғылыми тақырып. Себебі, докторант А.К.Анипина алғаш рет қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелді лингвомәдени тұрғыдан зерттеді. Ары қарай жалғастыру болашақтың ісі. Жұмыста стилистикалық қателер бар екендігін ескеру қажет. Дегенмен, докторанттың ғылыми докторлық диссертациясының ғылыми маңыздылығы өте зор деп санаймыз. Осы аталғандарды ескере отырып, А.К.Анипинаның «60021000-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
қауымдастырылған профессор  
Ph.D Оразақынқызы Ф.

